

Еуразия экономикалық қоғамдастығының көлік дәліздерін қалыптастыру және дамыту жөнінде келісілген саясат жүргізу туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 қазандағы N 1095 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразия экономикалық қоғамдастығының көлік дәліздерін қалыптастыру және дамыту жөнінде келісілген саясат жүргізу туралы келісімнің ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Еуразия экономикалық қоғамдастығының көлік дәліздерін қалыптастыру және дамыту жөнінде келісілген саясат жүргізу туралы келісім жасалсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Еуразия экономикалық қоғамдастығының көлік дәліздерін қалыптастыру және дамыту жөнінде келісілген саясат жүргізу туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

1996 жылғы 29 наурыздағы экономикалық және гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты тереңдету туралы Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Ресей Федерациясының арасындағы, оған 1999 жылғы 16 ақпанда Тәжікстан Республикасы қосылды, Шарт ережелерін негізге ала отырып,

1998 жылғы 22 қаңтардағы Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Ресей Федерациясының арасындағы, оған 1999 жылғы 27 мамырда Тәжікстан Республикасы қосылды, Көлік одағын қалыптастыру туралы келісімді басшылыққа ала отырып,

ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттері аумақтарынан өтетін көлік дәліздерінің желісін құру және дамыту жөніндегі үйлестірілген іс-қимылды жүзеге асыру мақсатында,

БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясының (БҰҰ ЕЭК), БҰҰ Азия және Тынық мұхит өңірі бойынша экономикалық және әлеуметтік комиссиясының (БҰҰ АТМЭЭК) және Темір Жолдары Ұнтымақтастығы Ұйымының (ТЖЫҰ) жүргізіп отырған халықаралық көлік дәліздерін қалыптастыру жөніндегі жұмыстарын назарға

а л ы п ,

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің географиялық орналасуын тиімді пайдалануға ұмтыла отырып, халықаралық конвенциялар мен нормаларға сәйкес жолаушылар мен жүктерді транзиттік тасымалдау режимдерін әрі қарай жетілдіруге ниеттеніп, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төменде келтірілген терминдер мыналарды білдіреді:

Еуразия экономикалық қоғамдастығының көлік дәлізі (көлік дәлізі) - осы Келісімнің Тараптары мемлекеттерінің аумақтарынан өтетін, халықаралық қатынаста жолаушылар мен жүктердің тасымалын қамтамасыз ететін әртүрлі көлік түрлері олардың барынша шоғырланған бағыттарында тиісінше жайластырылған магистралдық көлік коммуникацияларының (қазірде бар, сондай-ақ жаңадан құрылып жатқан) жиынтығы.

Логистикалық орталық - бірден кем емес терминалды қамтитын жүк тасымалдарымен және ілеспе қызметтер көрсетумен айналысатын шаруашылық субъектілері мен органдардың аумақтық бірлестігі.

Аралас тасымал - жүктерді екі немесе одан да көп көлік түрлерімен тасымалдау.

2-бап

Негізгі мақсаттар

Көлік дәліздерін қалыптастырудың негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

1. ЕурАзЭҚ көлік дәліздері бойынша экспорт-импорттық және транзиттік жүктердің, сондай-ақ жолаушылардың тасымалын қамтамасыз ету.
2. Жолаушылар мен жүктерді жеткізу жылдамдығын арттыру, тасымалданатын тауарлар құнындағы көліктік құраушыны төмендету.
3. ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттерінің көлік-транзит әлеуетін пайдалану тиімділігін арттыру.
4. Үшінші елдердің транзиттік жолаушылары мен жүктерін тарту.
5. Тараптардың кез келген Тараптар мемлекеттерінің тасымалдаушыларына өз тасымалдаушылары үшін Тараптар қамтамасыз ететін жағдайлардан кем емес жағдайларды ұсынуы.

3-бап

Бірлескен іс-әрекеттер

Көлік дәліздерін қалыптастыру кезінде Тараптар:

1. Еуропа және Азия мемлекеттерінің аумақтарын қосатын халықаралық көлік дәліздерін қалыптастыру және дамыту жөніндегі іс-әрекеттерді үйлестіреді.

2. Тарап мемлекеттердің көлік дәліздері бағыттары бойынша көлік инфрақұрылымын келісіп дамыту мен техникалық және технологиялық параметрлерін бірегейлендіру жөнінде шаралар қабылдайды.

3. Көлік дәліздерін қалыптастыруға және дамытуға арналған шетелдік инвестициялар тартудың келісілген саясатын жүргізеді.

4. Мемлекеттік шекаралардан өтуді регламенттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөнінде шаралар қабылдайды.

5. Жалпы қағидаттарға негізделген және жолаушылар мен жүктерді тасымалдау, шекарадан өту, көлік дәліздерінің инфрақұрылымын пайдалану үшін төлемақы мен алымдарға қатысты тарифтік саясат жүргізуге ықпал етеді.

6. Жолаушылар мен жүктердің халықаралық тасымалдары мен жөнелту жөніндегі бірлескен кәсіпорындарды ұйымдастыру және олардың қызметі үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

7. Көліктегі қауіпсіздікті арттыруға қоршаған ортаны қорғау мен тасымалданатын жүктердің сақталуын камтамасыз етуге бағытталған күш жігерді үйлестіреді.

8. Аралас тасымалдарды жетілдірудің жаңа резервтерін іздестіру үшін күш салады.

9. Халықаралық логистикалық орталықтарды орналастырудың оңтайлы сызбаларын жасауға ұмтылады.

4-бап

Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық

1. Тараптар халықаралық ұйымдармен көлік дәліздерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу мәселелері жөнінде ынтымақтастықтың қажеттілігін мойындайды.

2. Тараптар халықаралық көлік дәліздерінің жұмысын регламенттейтін халықаралық шарттарға тез арада қосылу жөнінде шаралар қабылдайды.

3. Тараптар көлік дәліздерін қалыптастыру және дамыту жөніндегі халықаралық көлік ұйымдарының жұмысында өз іс-қимылдарын үйлестіретін болады.

5-бап

Құзыретті органдар

1. Тараптар осы Келісім күшіне енгеннен кейін 30 күн ішінде ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетін осы Келісімді іске асыру жөніндегі олар тағайындаған

құзыретті органдар туралы хабардар етеді.

2. Осы Келісімнің ережелерін іске асыру және осы үшін қажетті іс-шараларды әзірлеу жөніндегі үйлестіруші орган ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитеті жанындағы Көлік саясаты жөніндегі кеңес болып табылады.

6-бап

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісім Тараптар мемлекетінің олар қатысушысы болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

2. Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Тараптардың келісімі бойынша жүргізіледі және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамалармен ресімделеді.

3. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалды және ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитеті болып табылатын депозитарийдің осы үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім осы Келісімнің мақсаты мен қағидаттарына ортақтасатын және өзіне тиісті міндеттемелерді қабылдауға дайын басқа мемлекеттердің оған қосылуы үшін ашық.

Қосылатын мемлекет үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күнінен бастап күшіне енеді.

4. Әр Тарап ол туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жіберіп, осы Келісімнен шығуға құқылы. Мұндай Тарап үшін Келісімнің күші көрсетілген хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап алты ай өткеннен соң тоқтатылады.

Тараптардың біреуіне қатысты осы Келісімнің күшін тоқтату жүзеге асырылуы басталған бағдарлама мен жобаларға әсер етпейді, сондай-ақ, егер Тараптар өзгесі туралы келіспесе, оның негізінде жасалған шарттар мен келісімдердің іс-әрекетін қозғамайды.

5. Осы Келісімді іске асыру барысында туындайтын қайшылықтар мүдделі Тараптар арасындағы келіссөздер мен консультациялар жолымен шешіледі.

200__ жылғы " __ " _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Осы Келісімнің түпнұсқа данасы ЕурАзЭҚ-тың Ықпалдастық Комитетінде сақталады, ол оған қол қойған әр Тарапқа расталған көшірмесін жібереді.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>
<i>Республикасы</i>	<i>Республикасы</i>	<i>Республикасы</i>
<i>Үкіметінен</i>	<i>Үкіметінен</i>	<i>Үкіметінен</i>
	<i>Ресей Федерациясы</i>	<i>Тәжікстан Республикасы</i>
<i>Үкіметінен</i>	<i>Үкіметінен</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК